«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ САНИТАРНЫЙ ВРАЧ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**ҚАУЛЫ**

**30.03.2022 ж.**
Ақтөбе қаласы

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

**№БМСД-9**
город Актобе

**«Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу шаралары туралы» Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 16 наурыздағы №БМСД-8 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі - COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, сондай-ақ Ақтөбе облысының аумағында эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, 2-тармағының 3) тармақшасын, 104-бабының 2, 3, 4, 7- тармақтарын және Қазақстан Республикасы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 14 наурыздағы №13, 2022 жылғы 14 наурыздағы №14, 2022 жылғы 25 наурыздағы №16, 2022 жылғы 25 наурыздағы №18 қаулыларын басшылыққа алып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

**1.** «Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу шаралары туралы» Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 16 наурыздағы №БМСД-8 қаулысына (бұдан әрі- БМСД-8 қаулысы) келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

**1) БМСД-8 қаулысының** айқындаушы (кіріспе) бөлігінде:

- «2022 жылғы 14 наурыздағы №12» **сөзі алынып тасталсын;**

- «2022 жылғы 14 наурыздағы №14» **сөзінен кейін «**, 2022 жылғы 25 наурыздағы №16 және 2022 жылғы 25 наурыздағы №18» **сөздерімен толықтырылсын;**

**2) 1 тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:**

- «халықтың көп жиналатын орындарында, қоғамдық көлікте, ұйымдасқан ұжымдарда медициналық бетпердені пайдалануы ұсынылсын»;

**3) 2 тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:**

**«** - әлеуметтік қашықтықты міндетті түрде сақтауға;

- күн сайынғы «кіру» сүзгісіне (жанаспайтын термометрмен термометрия);

- кабинеттік оқыту жүйесін сақтауға;

- бетперде кию режимін міндетті түрде сақтауға **қойылатын талаптар алынып тасталсын.**

«Ashyq» мобильді қосымшасын пайдалану, бетперде кию режимін, әлеуметтік қашықтықты сақтау және термометрия жүргізу білім беру ұйымдары әкімшілігінің шешімі бойыншаерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін»;

**4) 3 тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;**

**5) 4 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:**

**«4. Ақтөбе облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысына және меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларына:**

1) COVID-19-ды жоққа шығармайтын клиникалық белгілері бар пациент анықталған жағдайда оны оқшаулау үшін көрсетілетін медициналық көмектің ерекшелігін ескере отырып, барлық денсаулық сақтау ұйымдарында үй-жайлардың тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуді;

2) барлық медициналық ұйымдарда медицина персоналының, қызметкерлердің, келушілердің, пациенттердің медициналық маска киіп жүруін қамтамасыз етуді;

3) барлық босандыру және балалар медициналық ұйымдарында ЖРВИ, тұмау, COVID-19 коронавирус инфекциясы белгілері бар жүкті әйелдерді, босанатын, босанған әйелдерді және балаларды емдеуге жатқызу үшін мамандандырылған бөлімше ұйымдастыруды;

4) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 25 наурыздағы №16 қаулысының 8-қосымшасына сәйкес COVID-19-ға зертханалық тексеруді;

5) инфекциялық және басқа да медициналық ұйымдарда эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтауды;

6) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 25 наурыздағы №16 қаулысының 2-қосымшасына сәйкес іс-әрекеттері COVID-19-ға күдікті науқастарды қарап-тексерумен, тасымалдаумен, ошақтағы жұмыспен, емдеуге жатқызумен, емдеумен және оларға қызмет көрсетумен байланысты медицина қызметкерлері мен

персоналының тиісті қорғаныш деңгейіндегі ЖҚҚ-ды пайдалануын бақылауды;

7) денсаулық сақтау ұйымдары үшін COVID-19 эпидемиологиясы, клиникалық көріністері, диагностикасы, эпидемиологиялық және биологиялық қауіпсіздік қағидалары, стандартты операциялық рәсімдерді (СОР) орындау жөнінде семинарлар ұйымдастыруды және өткізуді;

8) COVID-19 кезінде эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу бойынша облыстағы медициналық ұйымдарының барлық қызметкерлерін толық қамти отырып, жеке қорғаныш құралдарын пайдалану жөнінде нұсқама жүргізуді;

9) үйде медициналық бақылаудың жүргізілуін және үй карантині талаптарының сақталуын бақылауды;

10) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-47 бұйрығымен бекітілген «Жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және олардың асқынулары (пневмония), менингококк инфекциясы, COVID-19 коронавирустық инфекциясы, желшешек, скарлатина кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес амбулаториялық деңгейде ем алып жүрген COVID-19-бен ауыратын науқастарға Үйде оқшаулау (үй карантині) қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы қолхат (бұдан әрі – қолхат) бере отырып, қол қойғызып хабарлауды;

11) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 25 наурыздағы №16 қаулысының 8, 9, 10-қосымшаларына сәйкес санаттарға жататын адамдарды медициналық бақылау және зертханалық тексеруді қамтамасыз ету;

12) Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық бөлімшелеріне диагноз қойылғаннан кейін 12 сағат ішінде COVID-19 ауруының әрбір жағдайына, оның ішінде U07.2 «COVID-19 коронавирустық инфекциясы (Вирус сәйкестендірілмеген)» коды бойынша шұғыл хабарлама беруді қамтамасыз ету.

**2. Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы** халықты БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы жаппай хабардар етуді жүргізсін.

**3.** Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**5.** Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Ақтөбе облысының**
**Бас Мемлекеттік**
**санитариялық дәрігері** **Р. Қойшанова**